

Франциядағы Қазақстан Республикасы Сауда-экономикалық өкілдігінің жұмысы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 23 наурыздағы N 322. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" конституциялық Заңды және "Шетелдегі Қазақстан Республикасының сауда өкілдіктері туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 2 сәуірдегі N 1161 K931161_ қаулысын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 10, 119-бап) орындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Европа елдерінің арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды жандандыру және кеңейту, экономикалық ынтымақтастықты тереңдету, Европада іскер әріптестерді іздеу мен іріктеу, бұрын қол жеткен уағдаластықты шешуге жаңа импульс беру, европалық экономикалық құрылымдық бөлімшелерімен ғылыми-техникалық қатынастарды дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Франциядағы Қазақстан Республикасының Сауда-экономикалық өкілдігіне Европа елдерімен (сауда өкілдігі жоқтарымен) үкіметаралық комиссиялардың жұмыс аппаратының мәртебесі берілсін.

2. Франциядағы Қазақстан Республикасы Сауда-экономикалық өкілдігінің Қазақстан Республикасының министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп Европа елдерімен сауда-экономикалық келісімдерін әзірлеуге, сондай-ақ мемлекеттік, акционерлік, холдингтік және жеке компанияларды қоса алғанда, экономикалық құрылымдардың бірлескен интеграциясына қолайлы жағдайлар жасауға қатысуы аса маңызды міндеті деп саналсын.

3. Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қамту және Европа елдерінде (Сауда өкілдігі жоқтарына) үкіметаралық келісімдердің орындалуына бақылау жасау мақсатында Франциядағы Қазақстан Республикасының Сауда-экономикалық өкілдігіне қосымша мәртебе беріліп және Парижде штаб-пәтері белгіленіп, Европада Қазақстан Республикасының мемлекеттік сауда-экономикалық мүдделерін жүргізу ұсынылсын.

4. Франциядағы Қазақстан Республикасының Сауда-экономикалық өкілдігі шет елдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық мекемесі мәртебесінде өзін-өзі қаржыландыру жағдайында 1995 жылдың 1 наурызынан бастап жұмыс

істеп жатқан Басқарма құқындағы Министрлер Кабинетінің құрылымдық экономикалық бөлімшесі болып саналсын.

5. Европа мемлекеттеріндегі Қазақстан Республикасының Елшіліктері Франциядағы Қазақстан Республикасы Сауда-экономикалық өкілдігінің қызметіне жәрдем беретін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК